

# «АЛТЫН ЖҮРЕК»



Елордада «Бауыржан» қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен еліміздегі атымтай-жомарттардық еңбегі мен істерін насихаттауға арналған «Алтын жүрек» сыйлығы табыс етілді.



Соның ішінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов пен Алматы қаласы Мәслихатының депутаты Құсмай Шалабаев та бар. Қос депутаттың қазақтың мәдениеті мен өнеріне, әдебиетіне үнемі қолдау білдіріп келе жатқаны әмбеге аян. Нұртай Сабильянов Шыңқожа ауылына Мәдениет үйін салып, мың жарым кітап қоры бар кітапхана, ұлттық оркестрге лайық музыкалық аспаптар сыйласа, Құсман Шалабаев Мақаншы ауылының ауруханасына құны 2 миллион теңге тұратын медициналық құрал-жабдық тарту етіп, Бейжің Олимпиадасының қола жүлдегері Әсет Мәмбетовке автокөлік мінгізді.

Лайым «Алтын жүректі» азаматтар қатары арта берсін!

**Қазақ әдебиеті.-2010.-5 қараша (№43).-2 б.**